

"Астық қабылдау кәсіпорының зерттеп-тексеру актісінің нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 11 маусымдағы
№ 15-03/313 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 тамыздағы № 4-1/737 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 қыркүйекте № 12053 болып тіркелді

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астық қабылдау кәсіпорының зерттеп-тексеру актісінің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 15-03/313 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7756 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп-тексеру актісінің нысанын бекіту туралы»;

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп-тексеру актісінің нысанын бекітілсін.»;

астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп-тексеру актісінің нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2015 жылғы 12 тамыздағы
 № 4 - 1 / 737 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2012 жылғы 11 маусымдағы
 № 15 - 03 / 313 бұйрығымен

бекітілген

Нысан

Астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп-тексеру актісі

20__ жылғы «__» _____

астық қабылдау кәсіпорнының атауы _____

Мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға: Лицензиардың өкілі _____

Комиссия мүшелері:

Жергілікті атқарушы органның құрылымдық

бөлімшесінің маманы _____

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі

мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық

инспекциясының (бұдан әрі – ҚР АШМ АӨК МИК АИ)

мемлекеттік астық инспекторы _____

ҚР АШМ АӨК МИК АИ өсімдіктерді қорғау және

карантин бойынша мемлекеттік инспекторы _____

Астық қабылдау кәсіпорнының басшысы _____

астық қабылдау кәсіпорнының біліктілік талаптарына сәйкестігі және

20__ жылдың өнімінің астығын қабылдауға дайындығы мәніне тексеру

ж ү р г і з д і .

Тексеру нәтижесінде анықталғаны:

1. Ғимараттардың, құрылыстардың және жабдықтардың дайындығы

Объект	Өлшем бірлігі	_____20__ жылғы қолда бары	Дайындығы туралы мәлімет
Автомобиль таразылары*	дана		
Астық қоймасының сыйымдылығы	мың тонна		

оның ішінде: элеваторлық	мың тонна		
пайдалануға жоспарланғаны	мың тонна		
оның ішінде: қоймалық	мың тонна		
пайдалануға жоспарланғаны	мың тонна		
оның ішінде тұқым сақтауға арналған қоймалық	мың тонна		
Астық кептіру жабдығы	дана/тонна 1 сағатта		
Астық тазалау машиналары	дана		
Асфальтталған алаңдар	мың шаршы метр		
Белсенді желдету жабдығы	дана		
Вагон таразылары*	дана		
Жылжымалы тасымалдау жабдығы	дана		
Көтеру-тасымал жабдығы	дана		
Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған қондырғы	дана		
Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	дана		
Тиеу-түсіру құрылғылары	дана		

* метрологиялық тексеруден өткені туралы растама болуы тиіс

2. Зертхананың және зертхана жабдығының дайындығы*

Объект	Өлшем бірлігі	<u>20</u> жылғы, қолда бары	Дайындалғаны	Дайын емесі
Ақуыздың құрамын анықтауға арналған құрылғы	дана			
Астықтың зақымданғанын анықтауға арналған оптикалық аспаптар	дана			
Астық сынамаларын сақтауға арналған стелаждар	дана			
Дәнді ұнтақтауға арналған диірмендер	дана			
Дән маңызының құрамы мен сапасын айқындауға арналған құрылғы	дана			
Елеуіштер жиынтығы	дана			
Зертхана	дана			
Зертханалық таразылар	дана			
Кептіргіш шкафтар	дана			
Құлау санын айқындауға арналған құрылғы	дана			
Пурка	дана			
Сынама іріктегіштер	дана			
Ылғал өлшегіштер	дана			

* Өлшемдердің жай-күйінің бағалаудан өткені туралы растама болуы тиіс

3. Іс-шаралардың орындалуы

Талаптар	Орындалуы (керек емесін сызып тастау)	Растайтын құжаттың берілу мерзімі
----------	---------------------------------------	-----------------------------------

Астық қоймасына меншік құқығының болуы туралы талап	Орындалды/ орындалмады	
Жылдық қаржылық есептілікке жыл сайынғы аудиторлық тексеру жүргізу туралы талап	Орындалды/ орындалмады	
Жылдық теңгерімді және пайда мен шығын туралы есепті жариялау туралы талап	Орындалды/ орындалмады	
Зертханадағы өлшеудің жай-күйін бағалау туралы куәліктің болуы	Бар/жоқ	
Өлшем құралдарының типін бекіту туралы, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы және өлшем құралдарын тексеру туралы сертификаттардың болуы	Бар/жоқ	
Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы талаптар	Орындалды/ орындалмады	
Сақтау кезінде астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	Орындалды/ орындалмады	
Сақтауға қабылданған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі болған кезде астық қолхатын әрбір ұстаушыға сапасы жоғалған немесе нашарлаған астықтың өтемі кезінде қалыптасқан нарықтық құнының сексен пайызын кем емес мөлшерде сақтандыру төлемін франшиза шартын қолданбастан төлеуді қамтамасыз ететін астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына қатысуы не астық қолхаттарын және олардың бөліктерін ұстаушылардың алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы талап	Орындалды/ орындалмады	
Фитосанитариялық қауіпсіздік талаптары	Орындалды/ орындалмады	

4. Карантинді, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерден зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу бойынша іс-шаралар кешені

Объект	Өлшем бірлігі	Іс-шаралар	Фирманың атауы, лицензияның №_
Астық қоймалары	Шаршы метр (текше метр)		—
Аумағы	Шаршы метр		
Сүрлем корпусы	Шаршы метр (текше метр)		
Технологиялық жабдықтар	дана		

5. Техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы

Тегі, аты, бар болса әкесінің аты	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі

Комиссия тұжырымы

_____ астық қабылдау кәсіпорны
біліктілік талаптарына сәйкес келеді/сәйкес келмейді (керек емесін
с ы з ы п т а с т а у к е р е к)

Т ө р а ғ а :

Лицензиардың өкілі _____

Комиссия мүшелері:

Жергілікті атқарушы органның

құрылымдық бөлімшесінің маманы _____

ҚР АШМ АӨК МИК АИ мемлекеттік

астық инспекторы _____

ҚР АШМ АӨК МИК АИ өсімдіктерді

қорғау және карантин бойынша

мемлекеттік инспекторы _____

Астық қабылдау кәсіпорнының басшысы _____